«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 31 «А» шағын аудан, № 5
ғимарат.
тел./факс: 8 (7292) 33-02-24.

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, г.Актау, 31 «А» микрорайон, здание № 5.
тел./факс: 8 (7292) 33-02-24

02-07112-21
30.03.2021

«Батыс Жол Арнасы» ЖШС
Астана қ-сы, Б.Майлин көшесі 16/1

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)*, Сіздің «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС-гі *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан № 5313260-1 санды «ЖЭО-1 №5 ст. қазандық агрегатының автоматтандырылған басқару жүйесін күрделі жөндеу» сатып алу жөніндегі электронды конкурс тәсілімен өткізілген мемлекттік сатып алуына қатысты жазған 10.03.2021 ж №89363 11.03.2021ж №91734 санды шағымдарыңызға келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан аталған сатып алуға қатысты келтірген шағымыңыз бойынша мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталу мәселесіне камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесімен келесідей заң бұзышылық деректері орын алған.

Атап айтқанда, конкурсты ұйымдастырушының 1-3-қосымшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушіге ұсынылған біліктілік талаптары құрылыс байланыс емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын талаптың еңбек ресурстар бөлігінде инженер-программист, Монтажник микропроцессорной и волоконно-оптической техники 5-й разряд, Монтажник приборов и систем автоматики 6-й разряд талап етілген.

Қазақстан Республикасының 04.12.2015 жылғы №434 санды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 9-бабының 1-тармақта әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады: осы тармақтың 4) тармақшасында мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы туралы көзделген біліктілік талаптары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен белгіленеді.

Осы баптың 3-тармағында әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады делінген.

Сәйкесінше, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының (бұдан әрі - Қағида) 150-тармағының 1-тармақшасында, конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі айқындалған жағдайда конкурсқа жіберілмейтіндігі көрсетілген.

Алайда, «Батыс Жол Арнасы» ЖШС-нің веб-порталға ұсынған құжаттарын тексеру барысында анықталғаны біліктілік туралы мәліметінде көрсетілген инженер Киселев Виктор Степановичтің біліктілігін растайтын құжат яғни, техника және технологиялар, автоматтандыру және басқару жөніндегі мамындық дипломы бар.

Нәтижесінде, конкурстық комиссия мүшелері тарапынан «Батыс Жол Арнасы» ЖШС-нің біліктілік туралы мәліметінде көрсетілген инженер Киселев Виктор Степановичтің техника және технологиялар, автоматтандыру және басқару мамындығын растайтын диплом құжатын ұсынғанына, қарамастан инженер программист мамандығын растайтын құжаты ұсынылмағын деген себеппен негізсіз конкурсқа қатысуға жібермегені анықталды.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, Сіздің шағымыңыз көрсетілгіне уәждер өз дәлелін тапты.

Егер келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 04.12.2015 жылғы №434 санды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент
басшысының орынбасары **Н.Анесов**

Орын. Е. Башагулов
тел.: 33-02-24.